Халық сотқа мемлекеттік тілде жүгінген болса немесе уәкілетті органдар тергеуді мемлекеттік тілде жүргізсе, барлық өңірлерде сот істерін мемлекеттік тілде жүргізуге толық мүмкіндік бар. Аталған мәселені шешу мақсатында сотқа орыс тілінде жиі талап арыз жолдайтын банктік ұйымдар мен мекемелерге сотқа жүгіну, арыз, шағым және талап арыздардың мемлекеттік тілдегі үлгілерін аудандық соттың фронт-кеңесінен және сот кабинетінен қолжетімді түрде алуға болатынын хабарлай отырып, мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясын кеңейту мақсатында азаматтардың тіл таңдау құқығын сақтай отырып, іс жүргізу барысында аудандық сотқа жолданатын қызметтік хаттар, талап арыздар, материалдар мен басқа да іс-құжаттарды мемлекеттік тілде жолдауларыңызды сұранамыз.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында сотта барлық шығыс және ішкі құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сонымен қатар өткізілетін іс-шаралардың және БАҚ-та жарияланатын мақалалардың барлығы мемлекеттік тілде жарияланып отыр. Қазақ тілінде жасалған сот актілерінің сапасы назарға алынып, қатесіз, сауатты толтырылуы

бақылауға алынған. Мойынқұм аудандық сотында іс-жүргізу толығымен мемлекеттік тілге көшкен. «Төрелік» бағдарламасы бойынша сотта іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық талаптарына сай, электрондық журналдарға құжаттарды тіркеу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілді дамытуға арналған жұмыс жоспары жасақталған, ішкі құжат айналымы мемлекеттік тілді қолдануды кеңейту бағытындағы жұмысының көрсеткіші-100%-ды құрайды. Сот жұмысы, өкімдерді шығару, мемлекеттік органдармен хат алмасу тек қазақ тілінде жүргізілуде. Ана тілді димитілеу өз үлесін белсенді түрде қосуда. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылып, күнделікті айналымдағы кіріс-шығыс құжаттардың, ішкі құжаттардың, сот актілерінің сауатты рәсімделуі қамтамасыз етілуде.

Мемлекеттік тілді білу, оны жетік меңгеру – уақыт талабы. Мемлекеттік тіл еліміздің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақтың біртуар жазушысы Ахмет Байтұрсынұов айтқандай: «Ана тілінде еркін сөйлеп, шын жүрегіңмен құрметтесең ғана өзгерлерге де ана тіліңді құрметтеуге аласың» деп, өз ана тілімізді құрметтеп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге қазақтың қара шаңырағының астында тұрған, елім, жерім деген әрбір азаматтың борышы деп есептеймін.

Б.ДАЛИБАЕВ,
аудандық соттың төрағасы.

ЖЫР-ШУМАҚ

АЛТЫН ҰЯ МЕКТЕБІМ



Қош болғайсың, алтын ұя мектебім, Мен де қанат қағып ұшуға беттедім. 11 жылды 11 күндей бір аттап, Орданда оқып, білім нәрімен көктемдім.

Мүғалімдерім, алғыс айтамын сіздерге, Бағып берген ілімді әркез іздеуге. Ұлтастырып тәртіп пен тәрбиені, Бере білген шәкірт сынды біздерге.

Мектебім бар біАлтынсарин атындағы, Ерек тулғаның атын алған ғасырдағы. Түлеткен көптеген балдырғандарын, Іргелі ғимарат мойңың расындағы.

Сыныптастар, мойң рақмет өздеріңе, Сендерменен бірге шықтым, өрге міне. Қимай-қимай бірге өткізген қызықтарды, Еріксізден қош айтыр кез келді ма?!

Сол күндерім естелік боп сақталар, Бал кездерім бек жадымда жатталар. Бүгін қанат қақпалы тұрған шәкірттер, Ертең «маман иесі» дейтін ашты алар.

Қол созғанмын биік-биік заңғарларға, Сіра, уақыттың заңына талғам бар ма? Өздеріңізбен бір сыныпта бірге оқыған, Әйгерімдей қыздарыңызда арман бар ма?!

Тіліміңіз тізген тіркесін қауым білсін, Өнеріммен дүйім елге танылдым шын. Ізімнен ерген іні-сіңілілерім, Мен сияқты биік шыңдарды бағындырсың.

Әйгерім МОЛДАШ,
Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінің
11-сынып оқушысы.

ІС-ШАРА

ДҰНИЕ АНАЛАРМЕН КӨРІКТІ



Аудандық орталықтандырылған кітапхананың «Коворкинг» орталығында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне байланысты аудандық орталық кітапханасы жанынан құрылған «Алтын босаға» қызығушылық клубы мен аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Дүние аналармен көрікті» атты әдеби композициялық кеш өтті.

Мерекелік кешке аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері, аудандық Аналар қауымдастығы жанынан құрылған «Ақ әжелер» ансамблі, кітапхана саласынан зейнет демалысына шыққан

Қазақстанның Құрметті кітапханашылары Дария Рысәлдиева, Гүлсім Нарбаева, Кітапхана саласының ардагері төсбелгісінің иегері Тамара Әлібекова, зейнеткерлер Бибігүл Сабанбаева, Сәуле Меркібекова,

мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты.

Кеш балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі М.Сұлтанованың ән-шашуымен басталды. Кеште кітапханашы осы жолдардың авторы осынау жарқын мерекенің қай кезде де орны ерекше, олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет, ешқашан сөнбейді деп аналарды мерекелерімен құттықтады.

Өнер және қосымша білім беру мектебінің тәрбиеленушілері, аналарға арналған өлеңдерден әдеби-монтаждарын оқыды.

Шара барысында кітапхана директоры Г.Бейсейбіқызы кеш қонақтарын құттықтады. Кеште кітапхана ардагерлері мен «Ақ әже» ансамблінің мүшелері де ізгі тілектерін білдірді.

Кітапхана қызметкерлері кеш қонақтарына мерекелік сый-құрмет жасады.

Назира БЕКЕНОВА,
аудандық орталықтандырылған кітапхананың кітапханашысы.

ПОЛУЧЕНИЕ СВЕДЕНИЙ О НЕДЕЕСПОСОБНОСТИ И ОГРАНИЧЕННОЙ ДЕЕСПОСОБНОСТИ

Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан на информационном портале qamqor.gov.kz реализован функционал проверки сведений недееспособности и ограниченной дееспособности.

Указанный функционал создан для удобства и экономии времени граждан, который исключает необходимость направления обращения в уполномоченный орган, ожидая ответа на них в течение 15-20 дней.

Сервис позволяет пользователям интернет-ресурсов, не выходя из дома самостоятельно получать информацию о наличии или отсутствии сведений специального учета лиц, признанных судом недееспособными и ограниченно дееспособными в максимально короткие сроки.

Все, что необходимо для получения информации - зайти на портал qamqor.gov.kz. Далее, в разделе Реестр лиц, признанных судом недееспособными либо ограниченно дееспособными ввести ИИН и данные документа, удостоверяющего личность.

После чего в системе формируется справка с возможностью распечатывания её в бумажном виде для представления по месту требования. Данная справка удостоверена посредством электронной цифровой подписи и является официальным документом.

Департамент Комитета по правовой статистике и специальным
учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан
по Жамбылской области.

МҮШӘЙРА

«ӘУЛИЕАТА ШАЙЫРЛАРЫ» ӨЗАРА БАҚ СЫНАСТЫ



Осы жылдың он екінші наурызында Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, жерлесіміз Қайрат Рысқұлбековтің туған күніне орай Жамбыл облыстық «Әулиеата шайырлары» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Мұхит Шолпанқұлұлы Есіркеповтің ұйымдастыруымен онлайн форматта «Қайрат, Желтоқсан, Имандылық» тақырыбындағы мүшәйра өтіп, өз мәресіне жетті.

Әділқазылардың шешімімен бас жүлде – Ақберен Сламбай (Тараз), 1-орын – Айдарова Дана Мұхаметқызы (Мойынқұм), 2-орын – Акимов Шакизат Ақбасұлы (Мойынқұм), Махамбетов Асқар Болатұлы (Тараз), Бекбау Жанаргүл Толашқызы (Тараз), 3-орын – Үркінбаев Әуесхан Асылханұлы (Жуалы), Елеуова Айман Каримқызы (Мойынқұм), Қазмағанбетова Ләззәт Сағынтай қызына (Тараз) бұйырды.

Жалпы «Әулиеата шайырлары» шығармашылық бірлестігінің мақсаты облысымыздағы жазба ақындардың өлеңдерін халыққа таныстырып, шеберліктерін арттырып, өзара бірлескен жұмыстар атқару. Жамбыл облысындағы әуесқой ақындарының деңгейін көтеру, біліктіліктерін арттыру, Әуесқой ақындарды біріктіру мақсатында құрылған шығармашылық бірлестік 2023 жылдың қараша айынан бастап ашылды. Жеті адамнан құралған бірлестік бес айдың ішінде 21 мүшеге жетіп отыр.

«Әулиеата шайырлары» шығармашылық бірлестігімен желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне орай, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана, Қазақ қызы, Сұлулық» атты мүшәйрадағы ұйымдастырылды. Мүшәйра жүлдегерлері дипломмен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ер Қайраттың туғанына 58 жыл толуына орай ұйымдастырылған мүшәйрадағы ақындардың туындыларын назарларыңызға ұсынуды жөн санадым.

ЕР ҚАЙРАТ

Ер Қайрат, батыр Қайрат ел есінде, Келместің мініп кеткен кемесінде. Мойынқұм құрсағыннан айналайын, Құлының ілестірген енесіне.

Бұтағы ерте солған Көктеректің, Ей, тағдыр неге мұнша өкпелеттің? Көк аспан қабақ шытып қатулаңып, Көгінен көз жасыңды төкпелеттің.

Желтоқсан жаңғырып тұр санамызда, Қайрат жоқ бұл күндері арамызда. Қайыспай құрбан еткен шыбын жаның, Жаннатты нәсіп етпей ағамызға.

Тар қапас абақтыда өткен күні, Нұр төкпей тұрып алды көкте күні. Қазағым, елім үшін жан піда деп, Шырылдап шыға берді өктем үні.

Елімді қорғаймын деп шырылдады, Қиылып кете барды шыбын жаны. Көк туды желбіретіп көк аспаным, Қайратын жоқтау айтып сыбырлады.

Оралдың асыл аға кебінменен, Қоштасың туған жерің елінменен. Жер-Ана құшағыңа басып жатсын, Еріңді елі үшін еңірген.

Ақберен СЛАМБАЙ,
Тараз қаласы.

ҚАЙРАТҚА ТАҒЫМ!

Желтоқсанның он алтысы, күн де суық ызғарлы! Алатау түр түнергендей, жамбылып ақ ақ қарды! Аланда жүр, жастарымыз, қазағымның қамын жеп, Біздің Қайрат, ортасында, оятқандай ол арды!

Қорқауларын ұрып-соғып, шаштан сүйреп қыздарды, Суды шашып, мұзға орап, тепкіледі ұлдарды. Имандылық тұрса дағы, ел ертені, бойында, Қарсы жүзді, сенге қарай, елең қылмай күз-жарды!

Үстап алып, тоғытты да, камераға шетінен, Санамстан адам құрлы, қақпай ешкім бетінен. «Ұлтшы» деген айып тағып, желкілдеген өскіне, Шырылдапты, азаптады, «ет кесті ме етінен»...

Қайрат батыр бірі еді, боздақтардың мұндағы, Жалған жала жолын байлап, тұтқындалды ол-дағы. Ақтық сөзі болды оның «Алла өзі шешеді», Шалғайсындар елім үшін, еркек тоқты-құрбаным.

Қаһарманы халқымыздың ерлігімен жадында, Айтып кетті аманатын соңғы жазған хатында. Көрмес де, тәуелсіздік туын көкке тігерін, Білді ерім, қасқалдақтай қиды қаның, жанында.

Тұр қасқайып, ортасында бағымыздың, күлімдеп! Нұрға бөлеп, аймалайды, сәуле шашқан күнім кеп! Егеменді еліміздің ұрпақтары иманды, Тағзым етер, дұға жасап, қойып мәңгі гүлін кеп!

Айман ЕЛЕУОВА,
Мойынқұм ауданы.

ЕР ҚАЙРАТ

Пленум өтті... Хабарды халық тыңдады, Мәскеуде билік, пікірге көңіл бұрмады. Ғасырдай ширек, басқарған елін қазақтың, Басшысын алып, жараны ескі, тырнады.

Желтоқсан айы. Қазағым жаппай дүрлікті, Көшеге шықты, тастап бар жұмыс, тірлікті. Қаптаған қауым ішінде жүрген Қайрат та, Билікке қарсы, қаһарға мініп, шүйлікті!

Билік те қарап, сол кезде ия, жатпады, Боратты оқты, құлағандарды таптады. Ұмытылды Қайрат алдыға, оған ұнамай - Қыздардың жап - жас, көк мұзда қазақ жатқаны.

Биліктің заңы сұрапыл, сұмдық қатал - ды, Халыққа қарсы қастандық, зұлмат жасалды. Сұрапыл сәтте, көрсетіп көзсіз ерлікті, Жас Қайрат біздің, Қаһарман Қайрат атанды!

Желтоқсан. Бізғар. Жағдайы елдің қиын - ды, Мерт болған жастар, жатты ғой болып, үйінде... Сондай бір кезде, ысырып тастап үрейді, Ер Қайрат білем, Аллаға ғана сыйнды!

Сын сағаттарда, Ер Қайрат ерлік танытты, Бағасты алға, абдырап қалған халықты. Сақ пенен Ғұнның сан ғасырдан соң, ұрпағы, Тәңірім қолдап, бермеді қолдан намысты!

Шакизат АКИМОВ,
Мойынқұм ауданы.

ҚАЗАҚТЫҢ СОҢҒЫ БАТЫРЫ

Жырыма бір-ақ жасында, Төмпешік болған қыршындай! Елінің өжет ұланы, Көгінде самғар баршындай. Азатсыз заман тарлығы, Балтырын қысты тырсылдай. Исатай, Кене ізімен, Қалсын ба ол да құлшынбай!

Осы күн әлі зерттелмей, «Оқиға» ғана теңесі. «Көтеріліс» те аталамай, Тарихи алған белесі. Қолында болмай қазақтың, Азаттық, билік, төресі. Боздақтарымды түйреген, Шоқынған сұмның жебесі.

Өткір намыс қайраған, Жастарың шықты өшіге. Елдік пен теңдік бузылса, Әділдік сұрап көсіле. Дат және назын төккенде, Тақапты қару төсіне. Тәуелсіз елдің таңына, «Шаһид» болардай бәсіре.

Намысы қозып қазақтың, Таусылды сабыр-мақұлы. Ғасырлар бойы шаңқылдап, Биледі елді жат үні. Қайратты тапты еліне, Ананың алтын жатыры. Ринат ақын айтқандай: «Қазақтың соңғы батыры».

Бүгін аман болса егер, Келер ме жасы, алпысқа? Желтоқсандағы Қайраттың, Ерлігі бізге зор нұсқа. Елдігін қазақ ұшатып, Сәулесін жақты сол тұста. Шайырларының жырымен, Бөлесін «даңқы» алғысқа.

Туылған күнін ескерсін, Ел-жұрты қалған артында. Құраннан сүре бағыштау, Бар еді діннің салтында. «Еркектік тоқты-құрбан» деп, Сөз кетті Қайрат ұртында. Қанжарлы тілді ақындар, Қайратты жырла, тартынба! Асқар МАХАМБЕТОВ,
Тараз қаласы.

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ҚҰЛАГЕРІ

Желтоқсанда желіп өткен құлагерім, Төскейінде аунап өскен құба белдің. Қайраттанып жолға шықтың Қайрат аға, Арқаладың аманатын туған елдің.

Қаймықпадың желтоқсанның ызғарынан, Аяз қысып, жан-дүниенді мұз қарыған. «Еркек тоқты құрбан болды» отан үшін, Тарихымда ұмытылмас із қалдырған.

Жырыма бір жас, жарқ етіпті жасындайын, Тасқа жазып кете бардың ғасыр жайын. Тәуелсіз ел, болайық деп үлес қостың, Қалай аға еңбегіңді жасырайын.

Көрмей кеттің тәуелсіздік атқан таңын, Тарихымның парақтарын ақтарамын. Ұрпақ үшін ұлағатты ісің қалды, Қайрат аға, мен өзіңмен мақтанамын.

Имандылық сәулесінен нәр алғандай, Рухы биік елі үшін жаралғандай. Ажалды да, қарсы алды құшақ жайып, О, туған жер байқадың ба, балаң қандай?!

Жағып кеттің тәуелсіздік шырағыңды, Жаратқаным жұмақ етсін тұрағыңды. Ұмытылмас ерліктерің елің барда, Хақ Тағалам, бас бауырға ұланыңды.

Дана МҰХАМЕДҚЫЗЫ,
Мойынқұм ауданы.

ЕСТІ ҰРПАҚҚА ЕСТЕЛІК

Қазағым сақтап жүріп қазақтың, Басыңа бақ боп қонды ғажап күнің. Желтоқсан сонау жылы үзіп кетті, Қайраттың қайратын туыңдады, Алашқа арман болған азаптың.

Қазағым арманыңа қол жеткіздің, Қаншама қиын қыстау жылды өткіздің. Желтоқсан сонау жылы үзіп кетті, Арманың аңсап жүрген ұл мен қыздың.

Рухани санамызда жаңғырып бір, Алашқа тәуелсіздік сән құрып тұр. Құдайым қанмен келген азаттықты, Қазақтың мандайына мәңгілік қыл.

Салайын ортаңызға тынған дерек, Жас ақын тарихыңды жырлау керек. Байрағы қазағымның биік тұрсын, Қайратта одан төмен тұрмау керек.

Көңілің қашанғы енді алаң болсын, Қазағым елің тыныш заман болсын. Қазаққа Қайраттайын ұл сыйлайтын, Аналар алтын құрсақ аман болсын.

Әуесхан ҮРКІНБАЕВ,
Тараз қаласы.

СОҢҒЫ ХАТ

Жаным әпкем, Қайраттың! Амансыз ба? Абақты да жатырмын қамақ сызда. Қандай кіна, тағдыр шенділерің, Абаданға тап келген абайсызда.

Мені - батыр, ал біреу қарақшы - дер, Хас тұлпарға салынды қара шідер. Қазақ қызын қорлаған сарбаздарға, Қолдан қалай береді, намысты ер!

Желтоқсанда Алматы таңы сірі, Шықты жастар алаңға аласұрды. «Шүрегейді» көлінен қуып шығып, Жаңа өкімет тұрғызбақ Алаш ұлы.

Кінам жоқ қой, қай сөзге тоқталамын? Басқалардың қан - терін ноқталадым. Тәуелсіздік жолында құрбан болсам, Ертенгі күн әпкеңдей, ақталармын!

Қас қарайып, ілініп қара көзім, Нұр құяды санам айтқан сөзің. Иманымның жоғары дәлелі сол - Шыңдық үшін күресер - дарабозың.

Қалмас, сірә хаттарым оқылмастан, Жан дүниемді қопарған жырым дастан. Қалар осы мұрада де Семейім де, Туған жерден топырақ бұйырмастан.

Жанаргүл БЕКБАУ,
Тараз қаласы.

ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВКЕ АРНАУ

Желтоқсанның сол ызғарлы кешінде, Алматы бақ Алматының төсінде. Жаның қиған қазағым деп бауырлар, Мәңгілікке қалды халық есінде.

Соның бірі Қайраттайын арысым, Шықты алаңға қазағымның қамы үшін, Елін сүйген батыр ұлы намысты, Күреспеді кеудедегі жаны үшін.

Қамалды ғой жырыма бір жасында, Артық етпес теңесек те асылға. Тарихтарда жазылуда есімің, Мәшүр болып қалсын атың ғасырға.

Әулие ата мекенінде туғансың, Жөрегіңді сонда анаң жуған шын. Он үшінші жүлдызында наурыздың, Ұлтың үшін келген қайсар қырансың

Есімің де ел есінде сақталсын, Санасында жазған жырдың жатталсын. Ерекше тоқтым құрбандыққа қиылған, Өзіңменен елің ылығы мақтансын.

Жұмбақ болып қалды өлімің, алайда, Елің сені ұмытпайды қалайда. Отан үшін отқа түскен асыл - ер, Өмір жолың - үлгі болар талайға

Ләззәт ҚАЗМАҒАНБЕТОВА,
Тараз қаласы.

Дайындаған Қуаныш КӨБЕНҒАРАЕВ,
«Мойынқұм таңы».

МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРАТЫН ӨНІМ

Қазақ ашытқыны нан пісіргенде ғана қолданатынын білетіңіз. Апаларымыз сүтке қосып, сосын үстіне үн себелеп ілейтін. Ашытқы қосылған соң, иленген нан бұрынғыдай емес биік болып күмпиіп, көтеріледі. Пісіргенде ісі де жай қамырдікіне қарағанда анағұрлым жақсы болып, тәбетті аша түсетін.

Сол ашытқыны малдың жемазығына қосып берсе де пайдалы болады екен. Анықтамаға қарағанда жоғары тиімді ашытқы комбинациясын жемазыққа қосып берсе, жануарлар мен құстардың иммундық қасиеті артып, түрлі ауруға қарсы тұра алады және тезірек ет алып, күйленеді екен. Белсенді ашытқыны шөпке, сабанға, жемге қосып берсе, жемазықтың дәмі де жақсарып, малдың тәбеті артаын көрінеді. Малдың құстың иммундық қасиетін көтерген соң, оны антибиотик, фермент, аминді қышқыл және дәрумендердің орнын толтырушы деп қарастыруға болады.

Ақпан айында Петропавл қаласында өткен «Qyzyjag Investment Forum» атты экономикалық жиында «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, «Qyzyjag» арнайы экономикалық аймағы өкілдері мен инвесторлар арасында құны 128 млрд теңгені құраған 14 меморандумға қол қойылған. Соның бірі – Италияның Милан қаласына жақын орналасқан биотехнологиялық өнімдер шығаратын «Prosol» компаниясы. Қазір бұл компания Қытай және Америка нарығына шығуды жоспарлап отыр.

«Өндірісті кеңейту үшін «Qyzyjag» арнайы экономикалық аймағында зауыт құрылысын салуды қолға алдық. Онда белсенді жемазықтық ашытқы өндіріледі», дейді компанияның отандық директоры Сырым Әбілғазиев.

«Prosol Biotech Kazakhstan» компаниясы 2023 жылдың қараша айынан бері «Qyzyjag» АЭА-да резидент болып тіркелген. Олар 2024 жылдың екінші тоқсанында жылына 3 мың тонна жемазықтық белсенді ашытқы өндіретін зауыт құрылысын бастамақшы. Құрылысты 2025 жылы аяқтау жоспарланған. Күйілатын инвестиция көлемі – 2 млрд теңге. «Qyzyjag» АЭА аумағынан жаңа зауыт үшін 3 гектар жер берілмек. Жаңа зауыттың ашылуы арқасында 40 адам жұмыспен қамтылады.

Кәсіпкерлік және индустриалдық инновациялық даму басқармасының басшысы Елдар Ысмағұловтың айтуына қарағанда, зауыт өнімдері отандық фермерлер мен шетелдіктерге сатылады. Құрамындағы протеин мен блокстардың көптігінің арқасында мал төлі тез өсіп, жедел ширайды. Құстардың жұмыртқалауы артады. Терісінен құнды елтірі иленетін құндыз сияқты су аңдары да осы ашытқының арқасында тез жетілмек. Ашытқыны жемазық ретінде балыққа да беруге болады. Жемазықтық ашытқының шикізаты – қызылшаның сіресісі.

«Qyzyjag» АЭА-да зауыт салу туралы шешімге келген себепміз – мұнда логистикалық жағдай тартымды әрі шикізат көзіне жақын орналасқан. Біздің компаниямыз – биотехнологияның ашытқы өндіру саласы бойынша әлемдегі көшбасшылардың бірі. Тірек зауытымыз Италияның Милан қаласының түбінде орналасқан. Өнімдерімізді әлемнің 50 елінде сатамыз. Болашақта Қытай мен АҚШ нарығына шығуды мейелен отырмыз. Әсіресе Қытай нарығы қызықтырады. Петропавлда зауыт ашу арқылы осы мақсатымызды іске асырғымыз келеді», дейді С.Әбілғазиев.

Сонымен қатар ол Қазақстанда агрофермерлік кешеннің кеңінен дамығаны да инвестордың қызығушылығын тудырғанын айтты.

«Өнімді алушы да, шикізат көзі де дәл жанымызда орналасқан. Алыс шетелге шығармақ болсақ, теміржол мен тасжол бар. Инфрақұрылым жоғары деңгейде дамыған. Сондықтан кәсіпорын салу біз үшін өте тиімді. Кәсіпорыңға тек жергілікті қадірлерді ғана жұмысқа аламыз. Оларды оқып-үйрету үшін Солтүстік Қазақстан университетімен келісімшарт жасаймыз», деп түсіндірді.

Жақсыбай САМПАТ.

БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ АУЫЛҒА ЖЕТпейді

Ауылды көтеруге бағытталған бағдарлама мен құжаттардың саны көбейген сайын салада шешілуге тиіс мәселенің де көлемі ұлғайып әрі күрделеніп бара жатқандай. Сарапшылар ауылға бөлінген қаржы қолжетімді әрі тиімді болуы үшін Агробанк керек дегенді біраздан бері айтып жүр.

Парламент депутаттарының сарапшылардың табандылығы арқасында Үкіметтің көзқарасы дұрысталып, жағдай өзгере бастады. Қазір Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен Агробанк құру мәселесін пысықтап жатқан көрінеді. Бастамаға Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамуы агенттігі де қарсы емес секілді.

Мәселе кеш те болса қозғалды, бірақ көп нәрсені уыстан шығарып алдық. Біз ЕАЭО шарттарын Агробанкпен байланыстырып қарауымыз керек еді дейді сарапшылар. Ауылды квазисектордағы қаржы институттарының көмегімен аяққа тұрғызамыз деген ұранның үмітті ақтамағаны 2015 жылдары-ақ белгілі болып қалған. Жыл сайын республикалық бюджеттен бөлінетін несиенің басым бөлігі ірі шаруашылықтар еншісіне тиеді де, шағын фермерлер шөміштен қағыла береді. Үкіметтің ауылға бөлген қаржысының шамамен 86%-ы үлкен кәсіпорындарға тисе, 24%-ы ұсақ шаруашылықтарға бұйырады. Ресейде де Агробанк құру тәжірибесі бар. Сол арқылы агросекторға төмен пайызбен несиелер беріп, ауыл шаруашылығын қолдаудан сақтап қалды. Яғни аграрлық банк қиын сәтте «құтқару жастықшасы» міндетін атқара алады.

Сарапшы Бейсенбек Зиябековтің айтуынша, біздің елде ауылды қаржыландыру мәселесі бізге түсірілмеген. Ауылдың инвестициялық табыс деңгейі де зерттелмеген. Екінші деңгейлі банк өкілдері субсидиялау жүйесі шығынды жауып, өнімнің өзіндік құнын азайтып, ауыл шаруашылығы саласының табыстылығы артқанда ғана қаржы салуға болатынын айтты. Ал мамандар субсидияға бөлінетін қаражат екі еселенсе, жағдай сал де болса жақсарып, жерді сауықтыруға мүмкіндік туады дейді. Сондықтан бизнестің бұл мәселені айналып өтуінің басты себебі осы екенін екі тарап та мойындайды.

«Мемлекеттің бөлген қаржысының біраз бөлігінің ауылға жетпейтіні – айтыла-айтыла әкемденген тақырып. Несиелік серіктестіктердің ауылға несиелер беру саясатын жүргізуге шамасы жетпей отыр, активтері де, капиталы да аз. 2023 жылғы деректерде 280 мың ауыл шаруашылығы субъектісінің 8 532-сі немесе олардың жалпы санының 3%-дан сал астамы ғана мемлекеттік мекемелер арқылы несиеленіп отыр. Ал банктерден несиеленіп отырғандардың үлесі бұдан да аз. Себебі міндетті түрде кепілге мүлік қоюы шарт, одан өзге қаржылық есептілік пен тұрақтылыққа қатысты талабы да қатал. Демек еліміздегі барлық шаруаның 5%-ға жуығы ғана несиеленіп қол жеткізе алады. Қолдың қысқалығы мен қаржының тапшылығынан шаруалар бәрін үнемдеуге мәжбүр. Жоғары сапалы тұқым, тыңайтқыш, пестицид, құрал-жабдық пен жанар-жағармай материалдарын жеткілікті

мөлшерде алуға мүмкіндік шектеулі. Ресейдің шекаралас облыстарындағы астықтың өзіндік құны Қазақстанмен салыстырғанда 1,5 есе төмен. Ресей фермерлері бұған мамандандырылған ауыл шаруашылығы банкінен арзан және ұзақмерзімді несиелер алу арқылы қол жеткізді. Ал Әзірбайжанда Агробанк 2009 жылдан бері жұмыс істейді», дейді ол.

Б.Зиябековтің айтуынша, Агробанкін ашуға кедергі болып, қарсылық танытып келген топтардың мәселі қайта бастады. Үкімет мұндай қаржы ұйымының қажеттілігін енді түсінді.

«Мұндай банкті әуелде мемлекет балансында ұстап, кейін жекеменшікке беруге болар еді. Бірақ біздің елде салалық банкілерді ашуда кедергі көп. Қолданыстағы заңдар, оның ішінде «Қазақстан Республикасының банкілік қызметі туралы» заңы бойынша «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» өзге бірде-бір банк мамандандырылған банк бола алмайды. Егер осы норманың күші жойылса, аграрлық банктің ашылуына кедергі де жойылады. Күні бүгінге дейін қабылданған заң күші бар құжаттарда ауылды қаржыландыру тетігі қарастырылмапты. 1998 жылы ауыл шаруашылығының даму стратегиясын деген үш жылдық бағдарламада осы мәселенің шет-жағасы айтылған. Бірақ соңғы нәтижеде мүдделі топтар ауылды тек бидаймен ғана байланыстырып қарады да басқа мәселе ұмыт қалды», дейді.

Ол аграрлық банк ашуды заңға өзгерістер енгізуден бастау қажеттігін айтты. Бағдарламаның арнайы банк жұмыс істеген жағдайда ғана бөлінген қаржы да берекелі болады.

«Әлемдік тәжірибеде ауылға қатысты мәселенің бәрі аграрлық, кооперативтік банкілер немесе мемлекет-жекеменшік серіктестік түріндегі банкілер арқылы шешіледі. Қаржыландыру мәселесі де сол банкілердің ұсынысы негізінде реттеліп отырады. Банк басшыларының ұсынысында жергілікті кәсіпкерлердің бизнес жобасы ескеріледі. Бұл ауыл шаруашылығының даму стратегиясы деген үш жылдық бағдарламада осы мәселенің шет-жағасы айтылған. Бірақ соңғы нәтижеде мүдделі топтар ауылды тек бидаймен ғана байланыстырып қарады да басқа мәселе ұмыт қалды», дейді.

Агробанк құру туралы әңгіме қозғалса, мемлекет осыған дейін мамандандырылған банктің бірнеше рет банкротқа ұшырағанын алға тартатын. Экономист Қуаныш Айтхановтың сөзінше, алайда қиын-қыстау шақтарда тек ауыл шаруашылығы банкі емес, бүкіл банк жүйесі дағдарыспен бетке-бет қалды. Олардың кейбірін мемлекеттік қолдау арқасында түзеуімізді бәрі біледі. «Халықтың 46 пайызы ауылда тұрады. Демек банк клиенттерінің саны кемі 1 млн адам деген сөз. ЕАЭО-дағы серіктес ел РФ мен Белоруссиядағы аграр банкілердің барлық аймақта филиалы бар. Әлемнің 90 елінде ауыл шаруашылығы банкі жұмыс істейді деген деректің өзі біз көзге ілмей отырған мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетіп тұр. Ауылға қаржы жеткілікті бөлінбеді. Демек «Агробанк несиелікті пайыздық үстемесін ауылға бөлінген демеу қаржы арқылы да жеңілдетуге болады. Пайыздық мөлшерлемелерді мемлекет есебінен төмендету үшін субсидия бөлуге тиіспіз», дейді Қ. Айтханов.

Гүлбаршын АЙТХАНБАЙҚЫЗЫ.

НҰРЛЫ БЕЙНЕҒ ЖАДЫМЫЗДА ТҰРАДЫ



А.Назарбеков ауылының тұрғыны болған ардақты ұлымыз, жанашыр бауырымыз **Момынов Нұрлан Бейсенбайұлы** егер тірі болғанда 17-наурызда еңселе 50 жасқа толар еді. Айналасына шуағын шашып жүретін, бауыр-машыл, жаны жайсаң асылымыз 23 жыл бұрын небәрі 27 жасында өмірден озды.

Аңқылдаған, жарқылдаған асылымыз егер ортамызда жүргенде ердің жасы 50-ге толар жасын жасап, арқа-жарқа болып бірге тойлар едік-ау деп өкініштен өзегіміз өртенеді. Бауырымыз өте мейірімді, еңбеккер, қамқор, көпшілік жан еді. Орны бөлек ерекше жаратылған жан болатын.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» - демекші, Алланың рақымына сүйеніп, ардақтымыздың әруағына құран бағыштап, сағынышпен еске аламыз. Сен әрдайым біздің жүрегіміздің төріндесің. Нұрлы жүзің, әрбір сөзің біздің жадымызда жаттаулы. Жатқан жерің жайлы, иманың жолдас, алдың пейіш, артың кеніш болсын.

Бір Алланың дегеніне бағынып, Еске алады ата-анаң, бауырларың сағынып. Ортамызда жоқтығыңды ойласақ, Жүрек сыздап, жас келеді ағылып...

Өте шықты зымырап 23 жыл, Тірі болсаң келер едің 50 жасқа. Дұға тілеп рухыңа жақындарың, Сағынышпен еске аламыз бүгінде.

Еске алушылар: әке-шешесі **Бейсенбай-Серікқұл**, бауырлары, келіндері, **Нұрмағанбет-Болатөз**, **Тұрғанғали-Әлима**, **Нұрғали-Бағдаш**, қарындасы **Сақып**, қызы **Динара**.

ЖАС КЕЛСЕ, ІСКЕ

ЕЛ ЕРТЕҢІ - БІЛІМДІ ЖАСТАР

Егеменді еліміздің тірегі – білімді, тәрбиелі жастар, яғни еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен демократиясын көтеретін ол әрине – жастар.

Қазақ елінің болашағы білімді, саналы, тәрбиелі ұрпаққа ие. Ел ертеңі бүгіннен басталатынын білген ата-бабаларымыз, дана халқымыз «Бала-өмір жалғасы» деп білген, солайша, бала тәрбиесін маңызды деп санап, ерекше көңіл бөлген. Бала тәрбиесі ең алдымен аға ұрпақтан, жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отыр. Сондықтан егеменді елдің жарқыраған жастарының санасына осы ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор.

Адамның адам болып қалыптасуына атаның тәрбиесінен бөлек мұғалімнің де тәрбиесі қатар жүреді екен. Алайда, өз сана сезімінің арқасында түзу жолдан таймай, үлкен белестерді бағындырып, жетістікке жетіп жатқан жандар тәрбиелі. Осы себептен жастар әрдайым өздері жалпынып, жиі ізденісте болулары тиіс.

Жастарымыз биік рухты, намысшыл, патриот болса еліміздің еңсесі де биік болады. Қазақ елі мәңгілік ел қылатын біздер, жарқын жастар. Ел бейбітшілігін сақтап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүруімізді қамтамасыз етудіміз керек.

Ал қазіргі таңда Президентіміз К.К. Тоқаев қазақ елінің биіктен көрінуіне, дамыған елдер

қатарына кіруіне үлесін қосып келе жатыр. Қазақ еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастық арқасында осындай жетістіктерге қол жеткізіп келеміз. Білім мен ғылым дамыған заманында жоғары деңгейдегі мектептер мен жоғары оқу орындары, балабақшалар салынууда. Сонымен қатар, түрлі мамандықтар пайда болып, елдің дамуына үлес қосатын азаматтарды, жас-өспірімдерді қолдап жатыр.

«Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін!» деп айтқан Мағжан атамның сөзінен жастарға үлкен сенім артып кеткендігін байқауға болады. Сол себепті, біз үшін жандарын қиған ата-бабаларымыз үшін барымызды салып қолдан келгенше елімізді өркендетейік.

Мені халқымыз болашағы қандай болатыны өте қатты толғандырады. Қасымда жүрген жасөспірімдерге қарап, өзіме қарап еліміздің ертеңі жарқын болатынына сенуге болады. Мен үшін мемлекетіміздің абыройы арқашанда биік. Жаңа Қазақстанды бірге өркендетіп, қастерлі отанымыздың тұғырының биік ұстайық. Білімімізді шыңдап, қазақ еліміз, атамекен жерімізді дамытуға үлесімізді қосайық! Менің айтпағым, Қазақстан мемлекетінің болашағы ескең ұрпаққа тәуелді. Қазір білектің емес, білімділердің заманы. Ал, білімді болу үшін оқу керек, оқу үлкен сабырлықты, ізденісті, тәрбиені талап етеді. Осы керектілердің жолында жұрт жұмыс жасайық. Қазақ елі үлкен белестерге жете алады, егер, білімді жастар болса!

Ж.ҚУАНЫШОВА,
«Жастар ресурстық орталығының»
ақпараттық-таңдау бөлімінің
басшысы.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС- БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және өшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бәліз бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас



жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркеніетін дамытысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Еңлік ҚАЛЫМБЕТОВА,
аудандық АХАТ бөлімінің басшысы.

БІЛЕ ЖҰРҢІЗ

ҰБТ ҰЗАҚТЫҒЫ – ТӨРТ САҒАТ БОЛАДЫ

Тестілеу ұзақтығы – төрт сағат (240 минут). Сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлер үшін қосымша 40 минут уақыт қарастырылған.

«Тестілеу кезінде талапкерлерге бірнеше үзіліс беріледі. Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін 2 минут, 120 минуттан кейін 3 минут және 180 минуттан кейін 3 минут көлемінде үзіліс беріледі. Бұл уақытта тестке қатысушылар жаттығу жасап, су ішіп, өздерімен бірге алып келген шоколадты жей алады».

Шығармашылық бағыты таңдаған талапкерлерге тапсырмаларды орындау үшін 70 минут беріледі. Олар ҰБТ-ны екі пән – «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» бойынша тапсырады.

Шығармашылық мамандықтан басқа мамандыққа ауысуға ниетті студенттер үшін тестілеу ұзақтығы – 130 минут. Тестке қатысушылардың бұл санаты таңдауы бойынша екі бейіндік пән бойынша тест тапсырады.

Өз мамандығы немесе сабақтас бағыт бойынша оқуын жалғастыруды жоспарлап отырған колледж түлектеріне ҰБТ-да 120 минут беріледі. Осы уақыт ішінде олар жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша тапсырмаларды орындайды.

Ұқсас мамандықтар бойынша оқуды жалғастыруды жоспарлап отырған шығармашылық бағытты тәмамдаған колледж түлектері үшін тестілеу уақыты – 80 минут. Олар ҰБТ-ны бір арнайы пән бойынша тапсырады.

Қуаныш КӨБЕНҒАЕВ,
«Мойынқұм таңы».

ОРМАНДАРДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Орман өрті – абайсыз жағылған өрт, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан пайда болатын апат. Ол кейде сөнбеген темекі тұқылын келік терезесінен лақтыра салатын шылмықорлардан шығады. Қауіпті өрт шығарушыға кейбір шаруа қожалықтарының жұмысшыларында жатқызылған жөн. Олар шөп шабу науқаны кезінде ұшқын сөндіргіші жоқ трактормен жұмыс істеп, дала өртінің шығуына себепкер болады. Өрт қауіпсіздігі ерекжесіне бейқамдылық танытатын «табиғат ауесқойларының» қатарында орман аумағында демалу, жеміс-жидек, саңырау құлақ, емдік шөп жинау мақсатында және өзен-көл жағалауына демалуға келетіндер де бар. Орманшылар ересектер мен балалар арасында түсіндіру жұмысын әрдайым жүргізіп келеді. Орман қорына кірерде барлық жерде көрініп тұратындай, келушіге алдын ала ескертетін өртке ұқыпсыз қараудан сақтандыратын аншлаг, панно, плакаттар ілініп тұрады.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі бойынша және Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген өрт қауіпсіздігі ережелері талабына сәйкес, құраған шөптесін бар жерде, сонымен қатар ағаштың астында от жағуға тығым салынады. Мемлекеттік орман қоры аумағында жұмысын жүзеге асыратын жеке тұлғалар, орман қорына кірер және шығар алдында өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау тиіс. Орманда өрттің алдын алу, санитарлық жағдайды сақтау, ағашты зақымданудан қорғау – негізгі мақсат. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 367-бабы негізінде аталған ережелерді бұзған тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын атап өткен жөн. Орман қорында дала өртінен көрген азаматтар ол жөнінде « Ұланбел ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне (телефон: 8(72642) 5-20-07) және мемлекеттік өртке қарсы қызметіне (телефон: 101) хабарлаулары керек.

М.МАНСҰРБАЕВ,
«Ұланбел ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінің» орман өрт сөндіру станциясының басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ulytau Resources» ЖК жоба бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды жобаға ықтимал әсерлер туралы есеп 2024-2028 жылдарға арналған «Жусандалинское» кен алаңында барлау жоспары блок алаңында қатты пайдалы қазбаларды барлауға 2022 жылғы 06 қазандағы № 1860-ЕЛ лицензиясына L-43-125-(10в-5г-2,3,4,6,7,8,9,10,11,12,13,14) (уәскенің координаттары: 1) 44°35'00 с.е., 74°26'00 ш.б.; 2) 44°34'59 с.е., 74°28'59 ш.б.; 3) 44°34'00 с.е., 74°28'59 ш.б.; 4) 44°33'59 с.е., 74°29'58 ш.б.; 5) 44°33'00 с.е., 74°29'58 ш.б.; 6) 44°33'00 с.е., 74°28'59 ш.б.; 7) 44°32'00 с.е., 74°28'59 ш.б.; 8) 44°32'00 с.е., 74°25'01 ш.б.; 9) 44°33'59 с.е., 74°25'01 ш.б.; 10) 44°34'00 с.е., 74°26'00 ш.б.).

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақсуыек кенті, Ақсуыек кенті (44°37'25" с.е. 74°30'28" ш.б.).

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 25 сәуірде сағат 11:00-де, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақсуыек кенті, Ақсуыек кенті кенті, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/71175572913?pwd=jwSnuYMoRBEyU6KiiEMWmP3mZl4c.1>

Конференция идентификаторы: 711 7557 2913

Кіру коды: 0XuRh7
Тапсырыс берушінің деректемелері: «Ulytau Resources» ЖК, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., «Есіл» ауданы, Сығанақ көшесі, № 17/1 үй, БСН 220740900176 бас директоры: А.С. Баялинов. Байланыс: тел: +7 707 555 1335, e-mail: bayalinovayan@gmail.com.

Әзірлеуші туралы мәліметтер: АЖ «Экожоба 2017», Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, көш. Амангелді, 79. ЖСН 741016400109, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефоны: тел: 8 (776) 526-31-31, электрондық пошталық: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://ecoorportalkz> «жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/contacts?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар «Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ электрондық мекенжайы бойынша тыңдау басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады, upr.taraz@zhambyl.gov.kz және сайтта <https://ecoorportalkz/>, сондай-ақ пошталық мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі 133А тел: 8 (7262) 45-15-03.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «Ulytau Resources» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по проекту Отчет о возможных воздействиях к проекту План разведки на рудном поле «Джусандалинское» на 2024-2028гг. к Лицензии № 1860-ЕЛ от 06 октября 2022 г. на разведку твердых полезных ископаемых на площади блоков L-43-125-(10в-5г-2,3,4,6,7,8,9,10,11,12,13,14) (координаты участка: 1) 44°35'00 с.ш., 74°26'00 в.д.; 2) 44°34'59 с.ш., 74°28'59 в.д.; 3) 44°34'00 с.ш., 74°28'59 в.д.; 4) 44°33'59 с.ш., 74°29'58 в.д.; 5) 44°33'00 с.ш., 74°29'58 в.д.; 6) 44°33'00 с.ш., 74°28'59 в.д.; 7) 44°32'00 с.ш., 74°28'59 в.д.; 8) 44°32'00 с.ш., 74°25'01 в.д.; 9) 44°33'59 с.ш., 74°25'01 в.д.; 10) 44°34'00 с.ш., 74°26'00 в.д.).

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Жамбылская область, Мойынқұмский район, Ақсуыекская п.а., н.Ақсуыек (44°37' 25" с.ш. 74°30' 28" в.д.)

Общественные слушания состоятся: 25 апреля 2024 года в 11:00 по адресу: Жамбылская область, Мойынқұмский район, Ақсуыекская п.а., н.Ақсуыек, здание Акимата.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/71175572913?pwd=jwSnuYMoRBEyU6KiiEMWmP3mZl4c.1>

Идентификатор конференции: 711 7557 2913

Код доступа: 0XuRh7.
Реквизиты заказчика: ЧК «Ulytau Resources», 010000, Республика Казахстан, г.Астана, район «Есіл», улица Сығанақ, дом № 17/1, БИИ 220740900176 Генеральный директор: А.С. Баялинов. Контакты: тел: +7 707 555 1335, e-mail: bayalinovayan@gmail.com.

Реквизиты разработчика: ИП «Экопроект 2017», г.Қарағанды, район им.Казыбек би, улица ул. Амангелды, 79. ИИН 741016400109, представитель: Обжорина Т.Н., Контакты: тел: 8 (776) 526-31-31, эл.почта: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecoorportalkz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/contacts?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru. Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний по электронному адресу ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», upr.taraz@zhambyl.gov.kz и на сайте <https://ecoorportalkz/>, а так же почтовый адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул.Абай 133А тел: 8 (7262) 45-15-03.

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ
Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:
"Мойынқұм аудандық "Мойынқұм таңы" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі №68 "Г"
ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор 2-49-30 /факс/ Бас редактордың орынбасары 2-14-06 Тілші 2-49-11

Газет аптасына 2 рет сейсенбі, жұма күндері шығады. Редакция автордың қозғарысы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖІПС баспаханасында басылады. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б. Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №12952-Г куәлік берілген (02.08.2012ж. Астана қаласы)

№ 04-12/26

от 15.03.2024 года

Эфирная справка

Исполнитель: Жамбылский филиал АО «РТРК «Казахстан» (Телеканал «Jambyl»)
Заказчик: ЧК «Ulytau Resources», БИН 220740900176

Вид услуги: услуги по размещению объявления в рубрике «Бегущая строка»

Текст: • Хабарландыру. "Ulytau Resources" ЖК жоба бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды жобаға ықтимал әсерлер туралы есеп 2024-2028 жылдарға арналған "Жусандалинское" кен алаңында барлау жоспары блок алаңында қатты пайдалы қазбаларды барлауға 2022 жылғы 06 қазандағы № 1860-ЕЛ лицензиясына L-43-125-(10в-5г-2,3,4,6,7,8,9,10,11,12,13,14) (учаскенің координаттары: 1) 44°35'00 с.е., 74°26'00 ш.б.; 2) 44°34'59 с.е., 74°28'59 ш.б.; 3) 44°34'00 с.е., 74°28'59 ш.б.; 4) 44°33'59 с.е., 74°29'58 ш.б.; 5) 44°33'00 с.е., 74°29'58 ш.б.; 6) 44°33'00 с.е., 74°28'59 ш.б.; 7) 44°32'00 с.е., 74°28'59 ш.б.; 8) 44°32'00 с.е., 74°25'01 ш.б.; 9) 44°33'59 с.е., 74°25'01 ш.б.; 10) 44°34'00 с.е., 74°26'00 ш.б.). Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақсуек а.о., Ақсуек кенті (44°37'25" с.е. 74°30'28" ш.б.). Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 25 сәуірде сағат 11:00-де, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақсуек а.о., Ақсуек кенті, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/71175572913?pwd=jwSnuYMoRBEGy6lKiiEMWmrP3mZI4c.1>
Конференция идентификаторы: 711 7557 2913 Кіру коды: 0XuRh7 Тапсырыс берушінің деректемелері: "Ulytau Resources" ЖК, 010000, ҚР, Астана қ., "Есіл" ауданы, Сығанақ көшесі, № 17г үй, БСН 220740900176 бас директор: А. С. Баялинов. Байланыс: тел. 8-707-555-1335, e-mail: bayalinovayan@gmail.com. Әзірлеуші туралы мәліметтер: АЖ «Экожоба 2017», Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, көш. Амангелді, 79. ЖСН 741016400109, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8-776-526-3131, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru. Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://ecportal.kz> "жарияланған тыңдаулар" бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/contacts?lang=ru> "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде. Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8-776-526-3131, e-mail: tanya_ob80@mail.ru. Ескертулер мен ұсыныстар "Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ электрондық мекенжайы бойынша тыңдау басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, upr.taraz@zhambyl.gov.kz және сайтта <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ пошталық мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі 133А тел.: 8 (7262) 45-15-03. /

бланк серийлық номермен ғана қолданылады
бланк действителен только с серийным номером

